



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

КӘСІПКЕРЛІКТЕ ӘЙЕЛ-ҚЫЗДАРДЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Нұрбалаева Айжан Әбітайқызы

anurbalaeva@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Ақпараттық жүйелер» мамандығының 1 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Молдашов Н.О.

Білесіздер ме, мен осы университетке түскенде асқақ армандармен, үлкен мақсат үмітпен келдім. Осы университетке түсіп биік белестерді бағындырып, білімімді шыңдаймын. Университетті тәмамдағаннан кейін өз ісімнің маманы болып, үлкен фирмаларда жұмыс атқарамын деген арман-мақсатпен келдім. Бірақ менің лаулап тұған құштарлығымды, талпынысымды басқан бір жағдай бар. Мен өз басым ақпараттық жүйелер мамандығында оқимын. Сондағы бізге дәріс оқитын көптеген ағай апайлардың айтуы бойынша осы біздің мамандықты бітіргендердің 10-12% ғана өз мамандықтарымен жұмыс істейді екен, одан соң қыз балалар тұрмыс шығады, ал қалғандары бизнеспен айналысады. Осы сәтте менің көңіліме тиген «қыз балалар тұрмысқа шығады». Неліктен біз әйел адамдарды істен бөлектеуіміз керек? Әйелдердің де алға қойған мақсат-мұраттары болады, оларда биік-биік шындарға шығып табысқа жете алады, оларда елдің экономикалық жағынан дамуына үлес қоса алады. Елімізде болсын, әлемде болсын табысқа жеткен іскер әйелдер аз емес. Осыдан мен «Кәсіпкерлікте әйел-қыздардың алатын орны», «Іскер әйел» деген тақырыптарды талқылағым келеді.

Қазіргі уақытта саясат пен бизнесте ер адамдармен тең жетістікке жететін, нәзік жандылардың белсенді өкілдері жиі кездеседі. Бұл сонда: уақыт талабы ма әлде эмансипация салдары ма? Нәзік әйел бола тұра, бизнес шындарына қалай жетуге болады? Мансабының жолында іскер әйелдер қандай қиындықтармен кездеседі? Бірден «іскер әйел» терминін анықтап алауға тырысайық. Іскер әйел деп басқарушылық жұмыста істейтін немесе жеке бизнесі бар әйелді айтады. Бұған, іскер әйелдің өмірінде «іс – ақша (және онымен байланысты билік)» бағыты негізгі болып табылатынын қосуға болады. Қағида бойынша, оның болмысы күшті, тәуелсіз, өз қадірін өзі білетін адам. Өз қабілеттерін жоғары бағалап, бұл әйелдер өздерінің ғана емес, басқалардың да іс-әрекеттері үшін жауапты болады. Оларды от анасының рөлі қанағаттандырмайды. Олар тек қана ер адамдар ақша тауып, отбасын асырауға тиіс деп санамайды. Іскер әйел тәуекел тобына жатады.

Жалпы елімізде кәсіпкерліктің дамуынан прогресс байқауға болады. Кәсіпкерліктің дамуы экономикамызға да оң жағынан әсер етеді. Кәсіп ашқан адам біріншіден өзін жұмыспен қамтамасыз етеді, одан соң басқа да көптеген адамдарды жұмыспен қамтамасыз ете алады.

ҚР Қаржы министрлігі Статистика комитетінің ақпаратына сүйенсек, 2017 жылғы 1 желтоқсандағы көрсеткіш бойынша елімізде жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілер саны өткен жылғы осы кезеңге сәйкес мерзіммен салыстырғанда 4,5%-ға өскен. Қазақстанда 2017 жылғы санақ бойынша 1 156 436 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі болса, шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар саны – 207 929, ал орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар саны – 2 609. Жеке кәсіпкер ретінде 756 743 азамат тіркелген. Сонымен қатар елімізде 189 155 шаруа немесе фермер қожалығы ресми жұмыс істейді. Ал 2018 жылы қаңтар айының соңында жүргізілген статистика бойынша 1,2 млн жеке кәсіпкер тіркелді. Бұл 2017 жылдың аяғымен салыстырғанда 0,8 пайызға артып отыр [1]. Олардың ішінде 560,9 мың жеке кәсіпкерлікке әйелдер басшылық етеді. 2017 жылға қарағанда 1,1 пайызға (6,3 мың) артық. Жалпы тіркелген жеке кәсіпкерлікте басшы әйелдердің үлесі 47 пайызды құрайды [2].

Бүгінде бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен нәзік жандылар қоғам дамуына өз үлесін қосып жүр. Нарық заманы – отбасын да, мансап жолын да қатар алып жүретін іскер әйел болуға талпынғандардың уақыты. Қоғамның қай саласында болмасын

отбасымен қатар қызметті де қоса алып жүрген нәзік жандылар ерлермен иық тірестіре еңбек етіп жүр. «Атамекен» ҰКП Іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Ләззат Керімқұлқызы бір сөзінде: «Қазір қазақстандық бизнес келбетінің 50 пайызы әйелдерден тұрады. Бұл көрсеткіш 1,5 жыл бұрын 31 пайыз еді» деген болатын. Демек, соңғы уақытта еліміздегі кәсіпкер әйелдердің үлесі артып келеді.

Іскер әйелдер көп қамтылған сала білім саласы екені анықталды (73,5 пайыз, бұл 5,1 мың әйел). Одан кейін мемлекеттік басқару мен қорғаныс және міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету қызметтерінде 69,2 пайыз. Сондай-ақ, жылжымайтын мүлік операциялары бойынша 64,5 пайызды (44,9 мың кәсіпорын) құрайды. Әйелдерді басшылыққа тарту бойынша ең төменгі салалар қатарына транспорт және қойма жұмыстары кіреді. Ол елдегі барлық қолданыстағы жеке кәсіпкерліктің тек 14,8 пайызына ғана (9 мың) ие [2].

Әйелдер кәсіпкерлікте негізі қызмет көрсету саласында, олар: сауда-саттық саласы, тігін шеберханасы, сұлулық салонын ашып, нан-тоқаш пісіруді қолға алады. Сонымен қатар қыз-келіншектер соңғы кезде клининг, яғни тазалау жұмыстарын ұйымдастыруды да қолға алған.

«Жеті рет өлшеп, бір рет кесуді» қалайтын қыз келіншектер бизнесте де әрбір қадамдарын нықтап алғанды жөн санайды. Мұны шағын несие ұйымынан алған қаражат есебінен де байқауға болады. КМҒ сарапшыларының айтуынша ер азаматтарға қарағанда әйелдер аз сомаға өтінім беріп, оның орнымен жұмсай алады. Атап айтқанда орта есеппен алғанда әйелдер 700 мың теңгеге жуық қаржы сұраса, ерлерде бұл сома жүз мыңға артық. Бұл әйелдердің сақтығын анық байқатады [3].

Кәсіпкерлікті дамыту қорының мәліметіне сүйенсек, «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасын қолданғандардың 1/3 – әйелдер. 2018 жылдың 1 қаңтарындағы мәлімет бойынша 3432 жобаға субсидия берілсе, оның 2621 жобасы әйелдер басқарады. Сонымен қатар өтінім арасында халық тұтынатын тауарларды сатуға арналған кәсіпке және ірі қараны өсіруге берілгенінің саны басым. Сонымен қатар кепілдендіру бойынша 56 163 млн теңге сомасында 3662 кепілдік берілсе, 1271 жоба іскер әйелдерге тиесілі. Кепілдікті пайдаланғандардың 34,7%-ы қыз-келіншектердің үлесінде [3].

Әйелдерге бизнеспен айналысқан дұрыс емес, әйел не ошақ басында, не түзде жүруді таңдау керек дейтін пікірлер де кездеседі. Бірақ екеуін де қатар алып жүру қиын емес деп ойлаймын, өйткені әйелдерге үйде отырып та кәсіп қылуға болады. Әйел қыздарға үйде отырып айналысуға болатыны кәсіп түрлері туралы қызықты мәліметтерім бар.

Қыздарға арналған сайт ашуға да болады. Немесе, өзге кез-келген тақырыпты қарастырыңыз. Сайтты пайдалы, қажет ақпаратпен және мақалалармен толықтырып, оның топқа кіргенін ғана күтіңіз. Кейін жарнама арқылы табыс таба бастыңыз. Нәзік жандыларға арналған керемет кәсіп-үйде жарнама орталығын ашу. Орталықтың басты міндеттеріне сыртқы жарнамамен қоса, полиграфия (флаер мен сурет шығару, мұздатқышқа арналған магнитиктер жасау), тырнаққа арналған жапсырмалар жасау кіреді.

Сонымен қоса, өз ақпарат тауарларыңызды жазып, оларды сатумен айналасыңыз. Мысалға, дискке көпшілік алдында сөйлеп үйрену, сурет салу сияқты, белгілі бір тақырыпқа арналған сабақ жазыңыз. Егер, сіз спортпен айналысқанды ұнатсаңыз, арнайы жасалған курсты дискке түсіріңіз. Сіздің тауарыңыз, яғни дискіңіз дайын болғаннан кейін, сайт ашуды қолға алыңыз. Сайт арқылы тұтынушылар тауарға тапсырыс бере алады. Сайтты дамыту ісіне бас қатырмасаңыз да болады, желіде интернет-дүкендердің шаблондары жетіп артылады. Осы ретте, дайын асқа тік қасық бола салсаңыз да болады. Үйде отырып, фриланспен айналыссаңыз болады. Мысалға, кеңсе жұмыстарын үйде жүргізе беріңіз. Тиімді және сұранысқа ие жұмыстардың бірі - хатшы болу.

Қазіргі таңда күні бойы кеңседе отыру міндет емес, шаруаларды өзіңізге оңтайлы жерде, үйде атқара беруге де болады. Хабарламаларға жауап беріп, электронды жәшікті тексеріп, хаттамаларды уақытылы толтырып отырсаң болғаны. Оның үстіне, әдетте, шығынды да тапсырыс беруші төлеп отырады. Тіпті, үйде отырып аударма ісімен де, тілшілікпен де шұғылдануға болады.

Бала күтуші кәсібі жайлы ойланып көрдіңіз бе? Бұл кәсіппен, көбінесе, өз үйіңізде емес, тапсырыс берушінің аймағында шұғылдана алатыныңызды білетін шығарсыз?! Бүгінде қарбалас жұмысқа, мансапқа байланысты ата-аналардың көбісі балаларына жеткілікті дәрежеде көңіл бөле алмайды. Сәбилерінің денсаулығына немесе бітпейтін кезекке байланысты, балабақшаға өткізе алмайтын кездерде абдырап қалған ата-ана бала күтушіден басқа амал көрмейді. Кондитерлік іспен де әбден шұғылдануға болады. Бұл - әйелдерге жеңіліс. Себебі, бар-жоғы бір ас үй болса, болғаны. Егер, сіз дәмді тағам даярлай алсаңыз, қуана беріңіз. Қазіргі кезде тапсырысқа бәліштер мен тоқаштар әзірлеу-кең ауқымда қолға алынып келе жатқан іс. Ал, тоқаштарды жаныңыздағы дүкенге де өткізіп, кіріс көруіңізге болады. Тағамдарыңыз шынымен де дәмді болып, қолыңыздан бал тамса, кәсібіңіз көркейетініне сенімді болыңыз [4].

Ал енді кәсіп пен отбасыны қатар ұстап, табысқа жеткен әйелдерге мысал келтіре кеткім келеді.

Гүлнәр Смайылова – бес ұлдың анасы. Алтын құрсақты ана оларға тәлім-тәрбие беру мен қатар жанына жақын кәсіпті дөңгелетіп отыр. «Азды көпке қосқанның арманы жоқ» демекші, қарағандылық нәзік жан алғашқы қадамдарын шағын балабақшаны ашу арқылы шыңдаған. Ол талай жылдар бойы білім беру саласында тапжылмай қызмет еткен. Одан 2014 жылы 100 балаға шақталған «Ақерке» балабақшасы ашты. «Ақжарқын», «Армашқа» балабақшаларын ашуға «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорынан АҚ көмек алды. 2015 жылы екінші деңгейлі банктен 100 миллион теңге, 2016 жылы 50 миллион теңге көлемінде несие рәсімдеді. Бүгінде «Ақжарқын» балабақшасында 360 бүлдіршін тәлім алады. Тәрбиеленушілер мен тәрбиешілер байқаулардан сырт қалмай, шеберліктерін паш етеді. Оның арқасында «Ақжарқын» Қарағанды қаласындағы үздік бес балабақшалардың бірі танылған. 2016 жылы Қарағанды қаласының Майкұдық ықшам ауданында «Армашқа» балабақшасы ашылды. Гүлнәр Смайылова жетістігі тоқтаусыз жүруде. Нәзік жан 4-ші балабақшаны қолданысқа тапсырмақ. Бүгінде мектепке дейінгі мекеменің бұрынғы ғимараты сатып алынып, оны қайта қалпына келтіру жұмыстары қолға алынды [5].

Жамбыл облысының тұрғыны Анар Бексұлтанова барлығына үлгереді. Ол қамқор ана, үй шаруашылығында жақсы атқарады, дарынды суретші әрі табысты кәсіпкер. Патологиямен туған Анардың екі қолы болмаған. Біздің кейіпкеріміз осыдан үш жыл бұрын қыз жасауын әзірлеумен әуестенген. Оның жұмыстарының барлығы қазақы ұлттық нақышта жасалған. Анар аяғымен тігеді. – Айналамдағылардың бәрі бірдеңемен айналысады, бір күні ешкімге тәуелді болмас үшін қандай іспен айналыссам болады деп ойландым. Таңдауым көрпелер жасауына келіп тоқтады. Достарымнан аздаған қаражат алып шағын цех аштым. Бірінші жылы толықтай бес қыз жасауын тіктік, екінші жылы – тоғыз, мұның барлығы күнделікті болатын тапсырыстан тыс жасалды. Ісім өрге домалап жақсы жолға түсті, қазір клиенттер бірінен соң бірі келуде, – дейді Анар. Күндердің бірінде тігінші «Жас дарын» ҚБ төрағасы Дәкен Төребекопен танысқан. Ол Анаға «Даму» Қорына жүгініп әрі оқыту курсына қатысуға кеңес берген. Кейіннен шебер «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы аясында үш миллион теңгенің грантын ұтып алады. Ол қаржысына өзіне қажетті жабдықтарды сатып алады. Қазір оның цехында қажетті құрал-жабдықтың бәрі бар, тек жұмыс істесең болған. Жұмыстарына туыстары көмектесіп тұрады. Алты және жеті жастағы қыздары да қол ұшын береді. – Кейде мен кешкісін жұмыс істеймін, ол кезде қасымдағы адамдар үйіне қайтады. Сол кезде қыздарыма көмектесуін өтінемін, бірде сызатын борды немесе қайшыны әкеп берулерін сұраймын. Қыздарым өскенде мен сияқты тігінмен айналысқысы келетінін айтады, – дейді кәсіпкер [5].

Алматылық Дидара Пернебаева Қытайдағы университеттердің бірінің халықаралық бизнес және менеджмент факультетін тамамдаған. Қазір ол Назарбаев Университетінің екінші курс студенті әрі Қазақстанда танымал «Kelin» ұялы қосымшасын жасап шығарды. Дидараның қосымшасы көшірілу саны жағынан қазақстандық AppStore-дегі топ-чарт бойынша бірінші орында тұр, яғни WhatsApp, VK, Instagram, Youtube, Shazam, 2GIS, Skype және өзге де сервистерді басып озған. «Kelin» – бұл қазақстандық қыздарға арналған

әлеуметтік желі, ол жерде қыздар ұлттық тағамдардың рецептін, отбасында қарым-қатынас жасаудың тәртібімен және көптеген сұраққа жауап ала алады. Қосымшаның аудиториясы – 18 ден 45ке дейінгі тұрмыс құрған және бойдақ қыздар. Бұл қосымша Арман Сүлейменов ұйымдастырған «The Summer Startup School» жазғы стартап-мектебі аясында жасалған. Ол «Болашақ» бағдарламасының түлегі, танымал қазақстандық стартапшы әрі Пристандық университеттің (АҚШ) магистранты. Дидараға өз идеясын іске асыруға сегіз апта берілген. Жоба қатысушыларымен жасалған мыңдаған ұялы қосымшаның ішінде «Kelin» ең танымал болып шықты. Оны іске қосқаннан кейін бір жарым айдан соң ол 123 мың пайдаланушыны жинай білді. Оған қоса, ондағы «Күпиялар» атты бөлімде 73 мың жазба жазылған [5].

Дегенмен, мақсат ер-азаматтарды басып озу, олармен бәсекеге түсу емес. Қазақ әйелі қандай мықты басқарушы, табыскер болса да ер азаматынан әрқашан бір саты төмен тұрады. Ол – табиғат, ол – дәстүр, ол – тәрбие. Бізді өзге мемлекеттердің гендерлік институттарынан ерекшелетін де осы қасиетіміз. Жалпы мемлекет тарапынан гендерлік саясатқа назар аударылып келеді. Кәсіпке жауапкершілікпен қарап, әр жобаға жанын беретін қыз-келіншектер есеп-қисапқа, құжаттар мен күнделікті жұмыс барысына ұқыпты келеді. Әйел кәсіпкерлігіне мемлекет тарапынан көрсетілген кез келген қолдау қажетті. Әйелдер ел экономикасына «қыздың жиған жүгіндей» тәртіп пен жинақылық әкеледі, жемқорлық та азаяды деп ойлаймын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстанда қанша шағын және орта бизнес субъектісі бар? // Atameken.kz
2. Табысқа жеткен кәсіпкер әйелдер туралы // business.gov.kz
3. Үйде бизнес жасауға болады ма? // tabysker.kz
4. Жеке кәсіпкер әйелдер саны 1,1 пайызға артты // 7 kun.kz
5. Әйелдер-бизнес билігінде // Atameken.kz

УДК: 330.88

ЦИФРЛІ ҚАЗАҚСТАН - ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ ЖАҢА ТРЕНДІ РЕТІНДЕ

Нұржан Қымбат Нұртілеуқызы

kimbatnk@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономикалық факультетінің

Қ-11 студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Н. Досмағанбетов

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев 2018 жылы 10 қаңтарда қабылданған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «... Бүгінде әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді. Жаңа технологиялық қалып біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді түбегейлі өзгертуде. Біз жаһандық өзгерістер мен сын-қатерлерге дайын болу қажеттігін ескеріп, «Қазақстан-2050» даму стратегиясын қабылдадық. Алдымызға озық дамыған отыз елдің қатарына кіру мақсатын қойдық. 100 нақты қадам – Ұлт жоспары жүзеге асырылуда. Оның 60 қадамы қазірдің өзінде орындалып қойды. Қалғандары, негізінен, ұзақ мерзімге арналған және жоспарлы түрде іске асырылуда. Өткен жылы Қазақстанның Үшінші жаңғыруы бастау алды. Индустрияландыру бағдарламасы табысты іске асуда. «Цифрлық Қазақстан» кешенді бағдарламасы қабылданды. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі дамуының